«Медициналық психологияның басты мәселелері»;

«Балалар мен жасөспірімдердегі сот психиатриясы мен наркологиясының басты мәселелері».»;

51-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«51-тарау. «Акушерия және гинекология (балалар гинекологиясы, функционалды диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия)» мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы»;

154 және 155-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«154. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 51-қосымшаға сәйкес «Акушерия және гинекология (балалар гинекологиясы, функционалды диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия)» мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

155. «Акушерия және гинекология (балалар гинекологиясы, функционалды диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия)» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

- «Акушерия және гинекологиядағы инновациялық технологиялар»;
- «Акушерия және гинекологияның өзекті мәселелері»;
- «Амбулаториялық - емханалық акушерия және гинекология»;
- «Отбасын жоспарлау және контрацепция»;
- «Балалар және жасөспірімдер гинекологиясы»;
- «Акушерия және гинекологиядағы шұғыл көмек және реанимация»;
- «Оперативті акушерия және гинекология»;
- «Гинекологиядағы эндобейнескопиялық операциялар»;
- «Ұрықты антенатальды қорғау»;
- «Гинекологиялық эндокринология»;
- «Репродуктивті медицина»;
- «Тұқымқуалаушылық аурулар мен туа біткен ақаулардың пренатальды дамуының диагностикасы»;
- «Гинекологиялық аурулар және жүктілік кезіндегі экстрагенитальды патология»;
- «Әйелдер консультациясындағы емдеу-профилактикалық көмек»;
- «Жаңа туылғандарға шұғыл көмек және реанимация»;

«Тиімді перинатальды технологиялар»;

«Акушерия және гинекологиядағы дәлелді медицина»;

«Акушерия және гинекологиядағы диагностиканың аспаптық әдістері.»»;

56-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«56-тарау. «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы»;

169 және 170-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«169. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 56-қосымшаға сәйкес «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

170. «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

«Денсаулық сақтаудағы менеджмент пен маркетинг»;

«Денсаулық сақтау экономикасы»;

«Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу»;

«Денсаулық сақтаудағы қаржы менеджменті»;

«Денсаулық сақтауды ұйымдастыру мен басқару»;

«Фармацияны басқару мен фармация экономикасы»;

«Денсаулық сақтауды ұйымдастырудың өзекті мәселелері»;

«Эпидемиология негіздері»;

«Дәлелді медицина»;

«Денсаулық сақтаудағы этика»;

«Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік ғылымдар»;

«Денсаулықтың әлеуметтік детерминанттары»;

«Денсаулыққа үйрету»;

«Денсаулық психологиясы»;

«Әлеуметтік жұмыс»;

«Денсаулық сақтау технологияларын бағалау»;

«Салауатты қоғамдық саясат»»;

66-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«66-тарау. «Мейіргер ісі (мейіргер, жалпы практика мейіргері, мамандандырылған мейіргер)» мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы»;

199 және 200-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«199. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 66-қосымшаға сәйкес «Мейіргер ісі (мейіргер, жалпы практика мейіргері, мамандандырылған мейіргер)» мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

200. «Мейіргер ісі (мейіргер, жалпы практика мейіргері, мамандандырылған мейіргер)» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

«Мейіргер ісіндегі менеджмент»;

«Емдеу-профилактика бөлімшесі қызметіндегі бас (аға) мейіргердің рөлі»;

«Инфекциялық бақылау. Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алуда мейіргердің рөлі»;

«Адам иммунитет тапшылығы вирусы және жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алуда мейіргердің рөлі»;

«Фтизиатриядағы өзекті мәселелер»;

«Туберкулезді қадағалауда медициналық-алғашқы көмек мейіргерлерінің жұмысы»;

«Терапияның таңдаулы мәселелері»;

«Анестезиология мен қарқынды терапияның өзекті мәселелері»;

«Хирургияның таңдаулы мәселелері»;

«Операциялық мейіргер қызметінің өзекті аспектілері»;

«Инфекциялық аурулар. Өзекті мәселелер»;

«Педиатриядағы өзекті мәселелер»;

«Жалпы мейіргерлік технологиялар»;

«Неонатологиядағы мейіргерлік іс»;

«Офтальмологиядағы мейіргерлік іс»;

«Дерматовенерологиядағы мейіргерлік іс»;

«Психиатриядағы мейіргерлік іс»;

«Урологиядағы мейіргерлік іс»;

«Иммунопрофилактикадағы мейіргерлік іс»;

«Гинекологиядағы мейіргерлік іс»;

«Тұрғындарға бірінші медициналық профилактикалық көмек (учаскелік мейірбикелер үшін);

«Орталықтандырылған зарарсыздандыру бөлімі мейіргерінің жұмысы»;

«Қан қызметі мейіргерінің жұмысы»;

«Емдік тамақтану негіздері»;

«Балалар жасындағы ауруларды ықпалдастыра жүргізуде мейіргердің ролі»;

«Педиатриядағы шұғыл дәрігерге дейінгі көмек»;

«Емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңдегі шұғыл дәрігерге дейінгі көмек»;

«Паллиативті күтім»;

«Медициналық статистика негіздері»;

«Анестезиология мен қарқынды терапиядағы мейіргерлік технологиялар»;

«Хирургиялық аурулар мен жарақаттану зақымдарын операциялық емдеу кезіндегі мейіргерлік технологиясы».»;

мынадай мазмұндағы 68-тараумен толықтырылсын:

«68-тарау. «Жедел және шұғыл медициналық көмек» мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы»;

204. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа (апта) дейін, сертификаттау циклдерінде – 108/2 сағат (апта), жоғары медициналық, фармацевтикалық мамандықтар және мамандандырылған (денсаулық сақтау саласында қызмет атқаратын) білімі бар бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

205. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 68-қосымшаға сәйкес «Жедел және шұғыл медициналық көмек» мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

206. «Жедел және шұғыл медициналық көмек» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

«Ересектердің жұқпалы ауруларындағы интенсивті терапия»;

«Жаңа туылған нәрестелердің өмірін қамтамасыз ету»;

«Балалардың жұқпалы ауруларындағы интенсивті терапия»;

«Балалардың ауруларын кешенді басқару»: шұғыл жағдайлар, сұрыптау, іс-әрекеттер алгоритмі»;

«Хирургиядағы интенсивті терапия»;

«Комбустиологиядағы шұғыл медицина»;

«Шұғыл кардиологиядағы ЭКГ»;

«Интервенциялық кардиологиядағы өзекті сұрақтар»;

«Ішкі аурулар клиникасындағы шұғыл жағдайлар»;

«Неврологиядағы интенсивті терапия»;

«Жүктілік кезіндегі гипертензивті жағдайлар»;

«Клиникалық тәжірибедегі инфузиондық трансфузиондық терапия»;

«Хирургиядағы шұғыл жағдайлар»;

«Шұғыл медицинадағы әскери-шалғындық хирургия»;

«Акушерлік қан кету»;

мынадай мазмұндағы 69-тараумен толықтырылсын:

«69-тарау. «Мейіргер ісі» (күтім бойынша кіші мейіргер) мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы»;

207. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру және сертификаттау циклдерінде 54/1 сағаттан 108/2 сағатқа дейін, – (апта), «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Акушериялық іс» мамандықтары бойынша орта (техникалық және мамандандырылған) медициналық білімі бар мамандар және мейіргерлік профильді жұмыс өтілі бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 432/8 сағатты (апта), мейіргерлік емес профильді мамандар үшін – 648/12 сағатты (апта) құрайды.

208. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 57-қосымшаға сәйкес «Мейіргер ісі (күтім бойынша кіші мейіргер)» мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

209. «Мейіргер ісі (күтім бойынша кіші мейіргер)» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

«Емдеу-профилактикалық бөлім қызметіндегі кіші мейіргер рөлі»;

«Жұқпалы ауруларды бақылау. Аурухана ішіндегі жұқпалы аурулар профилактикасында кіші мейіргер рөлі»;

«Адамның жұқпалы иммунды тапшылығы және иммундық тапшылық синдромы профиликасындағы кіші мейірбикенің рөлі»;

«Туберкулезді бақылаудағы бірінші медициналық санитарлық көмек кіші мейіргерінің қызметі»;

«Жалпы мейіргерлік технологиялар»;

«Госпतालдау деңгейіне дейінгі шұғыл дәрігерге дейінгі медициналық көмек»;

«Паллиативті күтім»;

«Медициналық эргономика. Науқастарды қауіпсіз тасымалдау»;

«Науқасқа және қызметкерлерге қауіпсіз орта»;

«Үйдегі мейіргерлік күтімнің ерекшеліктері».

мынадай мазмұндағы 70-тараумен толықтырылсын:

«70-тарау. «Мейіргер ісі (массажист)» мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы»;

210. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру және сертификаттау циклдерінде 54/1 сағаттан 108/2 сағатқа дейін, – (апта), «Емдеу ісі», «Педиатрия» жоғары білімді медициналық мамандықтары бойынша, «Жалпы медицина» бакалавриат мамандықтары немесе орта білімі бар (техникалық және мамандандырылған) «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі», «Акушериялық ісі» медициналық білімі бар мамандар және мейіргерлік профильді жұмыс өтілі бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 432/8 сағатты (апта), мейіргерлік емес профильді мамандар үшін – 648/12 сағатты (апта) құрайды.

211. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 59-қосымшаға сәйкес «Мейіргер ісі (массажист)» мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

212. «Мейіргер ісі (массажист)» мамандығы бойынша біліктілік арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

«Сегментарлы-рефлекторлы массаж»;

«Нүктелік массаж»;

«Балалардың массажы»;

«Периостальді массаж»

«Емдік массаж»;

«Гидромассаж»;

«Аппаратты массаж техникасы»;

«Классикалық және емдік массаж».»;

2, 4, 5, 7, 10, 11, 12, 15, 17, 20, 21, 30, 31, 47, 49, 51, 56, 59 және 66-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26 және 27-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 21, 28, 29 және 30-қосымшаларға сәйкес 4-1, 5-1, 7-1, 10-1, 11-1, 12-1, 15-1, 17-1, 30-1, 68, 69 және 70-қосымшалармен толықтырылсын;

46-қосымша алып тасталынсын.

2. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.07.2022 № ҚР ДСМ-63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

20__ жылғы _____

Қазақстан Республикасы
денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ ҚР ДСМ-26 бұйрығына
1-қосымша

Медицина және фармацевтика
кадрларының біліктілігін
арттыру мен қайта даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
2-қосымша

**«Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша
білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспарлары мен мазмұны**

**1. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша
қайта даярлау циклінің үлгілік оқу жоспары**

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер	54/1	
МНП 01	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық	9	Сынақ
МНП 02	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері	9	Сынақ
МНП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	27	Сынақ
МНП 04	Қоғамдық денсаулық және қоғамдық денсаулық сақтау (апаттар медицинасы мәселесін қоса алғанда алғанда)	9	Сынақ
БП	Бейінді пәндер	810/15	
МБП	Міндетті бейінді пәндер	432/8	
МБ- П01	Стационардағы ішкі аурулар	216	Сынақ
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық терапия	162	Сынақ
МБ- П03	Дәлелді медицинаның мәселелері	18	Сынақ
МБП 04	Оңалту мәселелері	18	Сынақ
МБП 05	Паллиативті көмек мәселелері	9	Сынақ
МБП 06	Инфекциялық бақылау. Адам иммунитет тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ-инфекциясы)	9	Сынақ
ТБП	Таңдау бойынша компонент	378/7	Сынақ

ҚБ	Қорытынды бақылау	6 (ТБП-тен)	Емтихан
	Барлығы	864/16	

2. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру циклінің үлгілік оқу жоспарлары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүктеме- сінің сағат (апта) көлемі	Оқу жүктеме- сінің сағат (апта) көлемі	Оқу жүктеме- сінің сағат (апта) көлемі	Оқу жүктеме- сінің сағат (апта) көлемі	Ба- қы- лау ны- са- ны
НП	Негізгі пәндер				18/½	
НП 01	Қоғамдық денсаулық және қоғамдық ден- саулық сақтау (апаттар медицинасы мәсе- лелерімен бірге)				9	Сы- нақ
НП 02	Денсаулық сақтау саласындағы құқық- тық реттеу. Медициналық құқық				9	Сы- нақ
БП	Бейінді пәндер	54/1	108/2	162/3	198/3½	
МБП	Міндетті компонент				90/1½	
МБП 01	Терапиядағы өзекті мәселелер				63	Сы- нақ
МБП 02	Паллиативті көмек мәселелері				18	Сы- нақ
МБП 03	Медициналық этика және коммуникатив- тік дағдылар				9	Сы- нақ
ТБП	Тандау бойынша компонент	54/1	108/2	162/3	108/2	Сы- нақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	2 (ТБП-ден)	2 (ТБП-ден)	2 (ТБП-ден)	6 (ТБП-ден)	Сы- нақ
	Барлығы	54/1	108/2	162/3	216/4	

3. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (жоғарғы және бірінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің көлемі сағатта (апта)	Бақылау нысаны
Терапиядағы инновациялық технологиялар	90*	
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескертпе: *соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

4. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (екінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің көлемі сағатта (апта)	Бақылау нысаны
Күнделікті практикадағы ішкі ағзалар ауруларының профилактикасы, диагностикасы және емдеу.	90*	
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескертпе: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

5. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша қайта даярлаудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пән атауы, негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Стационардағы ішкі аурулар
	Қазақстан Республикасында халыққа медициналық қызметті ұйымдастыру және оның құрылымы. Дәлелді медицина негізінде кардиология, ревматология, пульмонология, гастроэнтерология, нефрология, клиникалық иммунология мен аллергия, гематология, эндокринология бөлімдері бойынша ішкі ағзалар ауруларын диагностикалау, саралап диагностикалау, емдеу, профилактикасы мәселелері. Науқастарды динамикалық бақылау. Ауруханалық кезеңдегі кезек күттірмейтін жағдайлар - диагноз қою, реанимациялық іс-шараларын өткізу, негізгі аурудың асқынуының профилактикасы. Жалпы клиникалық қан талдауы, гемостаз, қышқыл-сілтілі реакциялар, электролиттік баланс, белок, көмірсу және липид алмасулары метаболизмдерінің клиникалық-диагностикалық маңызы. Жазатайым оқиға кезіндегі шұғыл көмек көрсету хаттамалары және диагностика алгоритмі. Науқастардың медициналық-әлеуметтік сараптамасы.
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық терапия
	Қазақстан Республикасының халқына амбулаториялық көмекті ұйымдастыру. Ұйымдарда есепке алу-есептілік құжаттамаларын жүргізу. Амбулаториялық клиникалық практикадағы дәлелді медицина. Диспансерлік бақылауды ұйымдастыру. Амбулаториялық жағдайда тыныс алу, жүрек-қан тамыр, эндокриндік, асқорыту, несеп шығару, қан айналым жүйелерінің аурулары кезінде оңтайлы саралаған диагностика, қадағалап-қарау тактикасы және диспансерлік бақылау алгоритмі, ауруханаға дейінгі кезеңде шұғыл және кезек күттірмейтін көмек көрсету. Зертханалық диагностиканың деректерінің интерпретациясы. Диагностикалау мен емдеу хаттамаларын қолдану. Емхана жағдайындағы стационарды алмастыратын технологиялар. Науқастардың медициналық-әлеуметтік сараптамасы.
МБП 03	Дәлелді медицинаның мәселелері
	Дәлелді медицинаға кіріспе. Опрациялық араласу түрлері. Зерттеулер түрлері. Зерттеулер дизайны. Рандомизирленіп бақыланатын зерттеу (бұдан әрі – РБЗ). «Алтын стандарт». Дәлелдеу дәрежесі бойынша ғылыми деректердің иерархиясы. Клиникалық мәселелерді тұжырымдау. Мәліметтер базасынан медициналық ақпараттарды іздеу стратегиясы. Medline (Медлайн), Cochrane (Кочрейн), PubMed (Пабмед) интернетіндегі медициналық дерекқорлар. Жүйелі шолу. Мета-талдау. Дәлелді медицина негізінде медициналық ақпараттардысыни бағалау. Өртүрлі типтегі зерттеулер үшін дәлелдеме кестелері. Дәлелдеме кестелері бойынша мақалаларды талқылау.
МБП 04	Оңалту мәселелері
	Оңалту аспектілері. Дәрі-дәрмектік, физикалық, психологиялық оңалту туралы түсінік. Көрсетілімдер және қарсы көрсетілімдер. Амбулаториялық және стационарлық кезеңдердегі науқастарды оңалту.
	Паллиативті көмек мәселелері

МБП 05	
	Паллиативті медицина туралы түсінік. Терапиядағы паллиативті көмектің мақсаттары мен міндеттері. Паллиативті көмектің этикалық аспектілері.
МБП 06	Инфекциялық бақылау. АИТВ-инфекциясы.
	Денсаулық сақтау нысандарындағы инфекциялық аурулардың пайда болуының және таралуының профилактикасына бағытталған ұйымдастыру, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесінің негізгі қағидаттары. Инфекциялық бақылау комиссиясын (бұдан әрі – ИБК) ұйымдастыру. Ауруханаішілік инфекцияны (бұдан әр – АИ) эпидемиологиялық талдау. АИ қоздырғыштары, антибиотикке төзімділік. Инфекциялық бақылауды микробиологиялық қамтамасыз ету. Зарарсыздандыру, оның түрлері және АИ профилактикасы міндеттері. АИТВ-инфекциясы бар науқастарға стационарлық және амбулаториялық көмекті ұйымдастыру. АИТВ-инфекциясының профилактикасы. АИТВ-ға тестілеуге дейінгі және кейінгі консультация. АИТВ-инфекциясының клиникасы, салдарлық аурулар. АИТВ-инфекциясын емдеудің негізгі қағидаттары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау

6. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың оқу бағдарламасының мазмұны (4 апта)

Пән коды	Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Терапиядағы өзекті мәселелер
	Ішкі ағза ауруларының этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы мен саралау диагностикасы, емдеу әдістері, профилактика, кезек күттірмейтін көмек, халықаралық бағдарламалар мен хаттамаларды қоса алғанда дәлелді медицинаға негізделген заманауи ұстанымдар. Ауруханаға дейінгі және ауруханадан кейінгі кезеңдегі көмек көрсету ерекшеліктері. Жасөспірімдердегі ішкі ағза аурулары ағымының ерекшеліктері. Диетология мәселелері. Ішкі ағза аурулары кезіндегі жедел және Кезек күттірмейтін медициналық көмек.
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері
	Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот), Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Cardiac Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). Еуропалық кеңестің реанимация бойынша 2010 жылғы ұсынымдары. Терминальды жағдайдағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
	Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент

ҚБ Қорытынды бақылау

7. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (жоғарғы және бірінші санаттар үшін)

Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
Терапиядағы инновациялық технологиялар
Терапиядағы профилактика, диагностика, емдеу және оңалтудың инновациялық технологиялары.
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмі
Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот), Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). Еуропалық кеңестің реанимация бойынша 2010 жылғы ұсынымдары. Терминальды жағдайдағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
Қорытынды бақылау

8. «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (екінші санат үшін)

Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
Күнделікті практикада ішкі ағзалар ауруларының профилактикасы, диагностикалау және емдеу.
Ішкі ағзалар ауруларының профилактикасы, диагностикалау, емдеу және оңалту.
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмі
Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот), Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). Еуропалық кеңестің реанимация бойынша 2010 жылғы ұсынымдары. Терминальды жағдайдағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. Жүрек –өкпе реанимациясын жүргізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
Қорытынды бақылау

Қолданылған қысқартулар:

НП – негізгі пәндер;

МНП – міндетті негізгі пәндер;

БП – бейінді пәндер;

МБП – міндетті бейінді пәндер;

ТБП – таңдау бойынша бейінді пәндер;

ҚБ – қорытынды бақылау.

Қазақстан Республикасы
денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ ҚР ДСМ-26 бұйрығына
2-қосымша

Медицина және фармацевтика
кадрларының біліктілігін
арттыру мен қайта даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
4-қосымша

«Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары және мазмұны

1. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша қайта даярлаудың үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі *	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі **	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер	54/1		
МНП 01	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық	9		Сынақ
МНП 02	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері	9		Сынақ
МНП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	27		Сынақ
МНП 04	Қоғамдық денсаулық және қоғамдық денсаулық сақтау (апаттар медицинасы мәселелерімен бірге)	9		Сынақ
БП	Бейінді пәндер	810/15		
МБП	Міндетті компонент	432/8	432/8	
МБП 01	Стационардағы кардиология	162	162, соның ішінде қорытынды бақылау сағаты	Сынақ
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық кардиология	108	108	Сынақ
	Кардиологиядағы функционалдық зерттеу әдістері	54	54	Сынақ

МБП 03				
МБП 04	Кардиологияда және Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері	54	54	Сынақ
МБП 05	Кардиологиядағы Дәлелді медицинаның мәселелері	18		Сынақ
МБП 06	Кардиологиядағы оңалту мәселелері	27	54	Сынақ
МБП 07	Инфекциялық бақылау. Адам иммунитет тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ-инфекциясы)	9		Сынақ
ТБП	Таңдау бойынша компонент	378/7		Сынақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	6 (ТБП-ден)	6	Емтихан
	Барлығы	864/16	432/8	

Ескертулер:

* Кардиология бойынша қайта даярлау курсынан өтпеген мамандарға;

**Балалар кардиологиясы бойынша қайта даярлау курсынан өткен мамандарға.

2. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру циклдерінің үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүкте- месінің са- ғат (апта) көлемі	Оқу жүкте- месінің са- ғат (апта) көлемі	Оқу жүкте- месінің са- ғат (апта) көлемі	Оқу жүкте- месінің са- ғат (апта) көлемі	Ба- қы- лау ны- са- ны
НП	Негізгі пәндер				18/½	
МНП 01	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау (салауатты өмір салтын қалыптастыру, апаттар медицинасы мәселелерін қоса алғанда)				9	Сынақ
МНП 02	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық				9	Сынақ
БП	Бейінді пәндер	54/1	108/2	162/3	198/3½	
МБП	Міндетті компонент				90/1½	
МБП 01	Кардиологияның өзекті мәселелері				63	Сынақ
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері				18	Сынақ
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар				9	Сынақ
ТБП	Таңдау бойынша компонент	54/1	108/2	162/3	108/2	Сынақ

ҚБ	Қорытынды бақылау	2 (ТБП-ден)	2 (ТБП-ден)	2 (ТБП-ден)	6 (ТБП-ден)	Ем- ти- хан
	Барлығы	54/1	108/2	162/3	216/4	

3. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойыншасертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (жоғарғы және бірінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Кардиологиядағы инновациялық технологиялар	90*	
Кезек күттірмейтін медициналық көмеккөрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескертулер: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

4. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (екінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Күнделікті клиникалық практикада кездесетін жүрек-қан тамыр жүйелері ауруларының профилактикасы, диагностикалау және емдеу	90*	
Кезек күттірмейтін медициналық көмеккөрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескертулер: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

5. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша қайта даярлаудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер

БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Стационардағы кардиология
	Қазақстан Республикасында халыққа кардиологиялық көмекті ұйымдастыру. Кардиологиядағы әлеуметтік-экономикалық аспектілер. Қазақстан Республикасында кардиологиялық қызметке талдау жасау, есепке алу-есеп беру құжаттары. Жүрек-қан тамыр жүйесінің қалыпты және патологиялық анатомиясы, физиологиясы. Жүрек-қан тамыры жүйелерінің клиникалық және зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері. Кардиологиялық практикада гендерлік, жасы мен ұлттық ерекшеліктері, аурулар мен шекті жағдайларды ескерумен этиология, патогенез, классификация, клиникалық симптоматика, сараланған диагностика туралы заманауи түсінік. Қанайналым жүйелері ауруларын емдеудің жалпы қағидаттары мен емдеу әдістері. Кардиологиядағы дәрі-дәрмексіз емдеу әдісі. Жүрек-қан тамыр ауруларымен ауыратындарға рационалды фармакотерапия тағайындау. Кардиологиядағы интервенциялық және хирургиялық араласулар.
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық кардиология
	Қазақстан Республикасының тұрғындарына амбулаторлық-емханалық кардиологиялық көмекті ұйымдастыру. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Ауруханаға дейінгі кезеңде жүрек-қан тамыры ауруларын диагностикалау, сараланған диагностикалау. Амбулаториялық-емханалық жағдайларда қан айналым жүйесі ауруларын дәрі-дәрмексіз және дәрі-дәрмекпен емдеу. Жүрек-қан айналым жүйесі аурулары кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы, медициналық-әлеуметтік және әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері. Жүрек және қан айналым жүйесі ауруларын диспансерлеу және екіншілік профилактиканың тиімді нысандары.
МБП 03	Кардиологиядағы функционалды зерттеу әдістері
	Кардиологиядағы функционалдық диагностиканы зерттеу көлемінің стандарттары. Жүрек-қан тамыры ауруларын функционалды зерттеу әдістері және жіктелуі, ақпаратты алу негіздері және әдістерді іске асырудың тәсілдері. Диагностиканың функционалдық әдістерін өткізуге арналған көрсетілімдер, қарсы көрсетілімдер. Жүрек және қан тамырларының патологиясында, ырғақ және өткізгіштігінің бұзылуы кезіндегі функционалдық диагностика. Балалар кардиологиясындағы функционалдық диагностикалық зерттеудің көлем стандарттары. Әр түрлі жастағы балаларға функционалдық диагностика жүргізу үшін көрсетілімдер және қарсы көрсетілімдер.
МБП 04	Кардиологиядағы және критикалық жағдайлар кезіндегі шұғыл медициналық көмек.
	Қазақстан Республикасында кардиологиялық науқастарға, соның ішінде балаларға жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек ұйымдастыру. Ересектер мен балаларға шұғыл кардиологиялық көмек көрсетудің негізгі қағидаттары. Интервенциялық кардиологиядағы (ересектер, балалар) шұғыл жағдайлар диагностикасы. Интервенциялық кардиологиядағы (ересектер, балалар) шұғыл жағдайда дәрігерге дейінгі көмек, білікті жедел медициналық көмек, мамандандырылған жедел медициналық көмек көрсету. Ауыр жағдайларда жедел шұғыл жәрдем көрсету. Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (бұдан әрі ЖӨП) (ACLS). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (PALS). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминальді жағдайдағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨП-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
МБП 05	Кардиологиядағы дәлелді медицинаның мәселелері
	Дәлелді медицинаға кіріспе. Араласу түрлері. Зерттеу түрлері. Зерттеу дизайны. Рандомизирленген бақылаулық зерттеу. «Алтын стандарт». Дәлелдену дәрежесі бойынша ғылыми мәліметтердің иерархиясы. Клиникалық мәселелерді құру. Мәліметтер базасында медициналық ақпаратты іздеудің стратегиясы. Интернеттегі Medline (Медлайн), Cochrane (Кочрейн), PubMed (Пабмед) медициналық мәліметтер базасы. Жүйелі шолу. Мета-талдау. ДМ негізінде (бұдан әрі ДМ) медициналық ақпаратты сыни бағалау. Әр түрлі зерттеулер түрлері үшін дәлелдеу кестесі. Дәлелдеу кестесі бойынша мақалаларды талдау.
МБП 06	Кардиологиядағы оңалту мәселелері

	Кардиологиядағы оңалтудың жалпы аспектілері. Оңалту түрлері. Жүрек-қан тамыр ауруларымен ауыратындарды оңалтудың кезеңдік жүйесінің негізгі қағидаттары. Кешенді кардиологиялық оңалту, жүрек-қан тамыр ауруларында оңалту бағдарламалары. Стационарлық және амбулаториялық-емханалық кезеңдердегі кардиологиялық бейіндегі науқастарды оңалту үрдісін ұйымдастыру.
МБП 07	Инфекциялық бақылау. АИТВ-инфекциясы
	Денсаулық сақтау нысандарындағы инфекциялық аурулардың пайда болуының және таралуының профилактикасына бағытталған ұйымдастыру, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесінің негізгі қағидаттары. Инфекциялық бақылау комиссиясын (бұдан әрі – ИБК) ұйымдастыру. Ауруханаішілік инфекцияны (бұдан әрі – АИИ) эпидемиологиялық талдау. АИИ қоздырғыштары, антибиотикке төзімділік. Инфекциялық бақылауды микробиологиялық қамтамасыз ету. Зарарсыздандыру, оның түрлері және АИИ профилактикасы міндеттері. АИТВ-инфекциясы бар науқастарға стационарлық және амбулаториялық көмекті ұйымдастыру. АИТВ-инфекциясының профилактикасы. АИТВ-ға тестілеуге дейінгі және кейінгі консультация. АИТВ-инфекциясының клиникасы, салдарлы аурулар. АИТВ-инфекциясын емдеудің негізгі қағидаттары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау

6. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Кардиологиядағы өзекті мәселелер
	Өзекті халықаралық және ұлттық ұсынымдарға, қан айналым жүйесі ауруларын диагностикалау және емдеу хаттамаларына негізделген жүрек-қан тамыр ауруларында, соның ішінде балалар жасындағы аурулардың этиологиясы, патогенезі, диагностикасы, саралау диагностикасы, емдеу әдістері, профилактикасы және жедел жәрдем көрсету.
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері
	Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
	Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеденсіз жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент

ҚБ	Қорытынды бақылау
----	-------------------

7. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (жоғарғы және бірінші санаттар үшін)

Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
Кардиологиядағы инновациялық технологиялар
Жүрек-қан тамыр ауруларында жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастыру: профилактикасының инновациялық бағдарламалары, инвазивті емес және инвазивті диагностиканың заманауи әдістері, эхокардиографияның жаңа технологиялары, жүрек-қан тамыр ауруларын емдеуде, оның ішінде балалар жасындағыларды емдеуде дәрі-дәрмектік, эндоваскулярлық және хирургиялық емдеудің өзекті мәселелері.
Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету алгоритмі
Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажи. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
Қорытынды бақылау

8. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (екінші санат үшін)

Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
Күнделікті клиникалық практикада кездесетін жүрек-қан тамыр ауруларының профилактикасы, диагностикалау және емдеу
Халықаралық ұсынымдар мен хаттамаларды қоса алғанда, дәлелді медицинаға негізделген заманауи көзқарас тұрғысынан, оның ішінде балалар жасындағы кең тараған жүрек-қан тамыр ауруларымен ауыратын науқастарды емдеу профилактикасы, клиникасы, диагностикасы, саралау диагностикасы, тиімді әдістері.
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмі
Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажи. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.

Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар

Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.

Қорытынды бақылау

Қолданылған қысқартулар:

НП – негізгі пәндер;

МНП – міндетті негізгі пәндер;

БП – бейінді пәндер;

МБП – міндетті бейінді пәндер;

ТБП – таңдау бойынша бейінді пәндер;

ҚБ – қорытынды бақылау.

Қазақстан Республикасы
денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ ҚР ДСМ-26 бұйрығына
3-қосымша

Медицина және фармацевтика
кадрларының біліктілігін
арттыру мен қайта даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
4-1-қосымша

**«Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық
диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық
диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология)
(балалар)» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының үлгілік оқу
жоспары және мазмұны**

1. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлаудың үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі *	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі ***	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер	54/1		
МНП 01	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық	9		Сынақ
МНП 02	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері	9		Сынақ
МНП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	27		Сынақ
МНП 04	Қоғамдық денсаулық және қоғамдық денсаулық сақтау (апаттар медицинасы мәселелерімен бірге)	9		Сынақ
БП	Бейінді пәндер	810/15		
МБП	Міндетті компонент	432/8	432/8	
МБП 01	Балалар аурулары	54		Сынақ
МБП 02	Балалар жасындағы амбулаториялық-емханалық кардиология	108	54	Сынақ
	Стационардағы балалар жасындағы кардиология	108		Сынақ

МБП 03			162, соның ішінде қорытынды бақылау сағаты	
МБП 04	Кардиологиядағы функционалдық зерттеу әдістері	54	108	Сынақ
МБП 05	Кардиологиядағы және критикалық жағдайлар кезіндегі шұғыл медициналық көмек	54	54	Сынақ
МБП 06	Кардиологиядағы Дәлелді медицинаның мәселелері	18		Сынақ
МБП 07	Кардиологиядағы оңалту мәселелері	27	54	Сынақ
МБП 08	Инфекциялық бақылау. Адам иммунитет тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ-инфекциясы)	9		Сынақ
ТБП	Таңдау бойынша компонент	378/7		Сынақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	6 (ТБП-ден)	6	Емтихан
	Барлығы	864/16	432/8	

Ескертулер:

* Кардиология бойынша қайта даярлау курсынан өтпеген мамандарға;

**Ересектер кардиологиясы бойынша қайта даярлау курсынан өткен мамандарға.

2. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру циклдерінің үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүкте-месінің са-ғат (апта) көлемі	Оқу жүкте-месінің са-ғат (апта) көлемі	Оқу жүкте-месінің са-ғат (апта) көлемі	Оқу жүкте-месінің са-ғат (апта) көлемі	Ба-қы-лау ны-са-ны
НП	Негізгі пәндер				18/1/3	
МНП 01	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау (са-лауатты өмір салтын қалыптастыру, апаттар меди-цинасы мәселелерін қоса алғанда)				9	Сы-нақ
МНП 02	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық.				9	Сы-нақ
БП	Бейінді пәндер	54/1	108/2	162/3	198/3/3	
МБП	Міндетті компонент				90/1/1/3	
МБП 01	Кардиологияның өзекті мәселелері				63	Сы-нақ
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері				18	Сы-нақ

МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағ- дылар				9	Сы- нақ
ТБП	Таңдау бойынша компонент	54/1	108/2	162/3	108/2	Сы- нақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	2(ТБП-ден)	2(ТБП-ден)	2(ТБП-ден)	6(ТБП-ден)	Ем- ти- хан
	Барлығы	54/1	108/2	162/3	216/4	

3. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)» мамандығы бойыншасертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (жоғарғы және бірінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Кардиологиядағы инновациялық технологиялар	90*	
Кезек күттірмейтін медициналық көмеккөрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

4. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)» мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (екінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Күнделікті клиникалық практикада кездесетін жүрек-қан тамыр жүйелері ауруларының профилактикасы, диагностикалау және емдеу	90*	
Кезек күттірмейтін медициналық көмеккөрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

5. «Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функциональдық диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлаудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Балалар ауруы
